

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 28 мамыр N 579. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 521-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің және салық салу объектілерінің мемлекеттік тізілімін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 27, 327-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы N 991 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 23 шілдедегі N 992 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 27, 344-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 28 мамырдағы
N 579 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді

және Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Салық кодексінің 520-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімі) - салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің дұрыс есептелуі мен уақытылы төленуін бақылауды жүзеге асыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган жүргізетін салық төлеушілерді есепке алудың мемлекеттік дерекқор жүйесі.

2. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және оның құрылымы

3. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімі:

1) Қазақстан Республикасының салық төлеушілері ретінде мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі - мемлекеттік тіркеу) кезінде;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олар салық төлеушілерді тіркеу есебін жүзеге асыру кезінде салық органдарынан;

3) осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдарынан уәкілетті мемлекеттік орган алған мәліметтер негізінде қ а л ы п т а с а д ы .

4. Осы Ереженің 3-тармағындағы 3) тармақшада көзделген мәліметтерді алу уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдарымен жасасатын ақпаратты беру туралы бірлескен бұйрықтар (бұдан әрі - Бұйрықтар) негізінде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдарының мәліметтерді беру тәртібі мен мерзімдері, олардың көлемі және сипаты Б ұ й р ы қ т а р д а а й қ ы н д а л а д ы .

6. Осы Ережемен белгіленген жағдайда, сондай-ақ қажет болған жағдайда Бұйрықтар салық құпиясына қатысты Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтау шартымен салық төлеуші туралы өзге де ақпараттармен өзара алмасуды көздеуі мүмкін.

7. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімі мемлекеттік тіркеу кезінде қалыптасатын мынадай бөлімдерден тұрады:

1) заңды тұлғалар, олардың құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын резидент еместер;

2) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылатын резидент жеке тұлғалар;

3) тұрақты мекеме арқылы жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын резидент емес жеке тұлғалар;

4) Қазақстан Республикасында салық салу объектілерін иеленетін резидент еместер.

3. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу

8. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу электронды тәсілмен жүзеге асырылады. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу деп уәкілетті мемлекеттік органның мынадай рәсімдерді жүзеге асыруы түсініледі:

1) Салық төлеушілердің мемлекеттік тізіліміне салық төлеуші туралы мәліметтерді енгізу;

2) осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген салық төлеуші туралы мәліметтер (бұдан әрі - салық төлеуші туралы мәліметтер) өзгерген кезде Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жаңарту;

3) Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеушіні шартты түрде шығарып тастау;

4) Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінде салық төлеушіні қалпына келтіру;

5) Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеушіні шығарып тастау (Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеуші туралы барлық мәліметтерді шығарып тастау);

6) осы Ережеге сәйкес салық төлеуші туралы мәліметтерді сақтау.

9. Салық төлеуші туралы мәліметтерді Салық төлеушілердің мемлекеттік тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу кезінде жүзеге асырылады.

10. Салық төлеуші туралы мәліметтерді жаңарту:

1) өзгерген күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде салық органдары салық төлеушілерді тіркеу есебін жүзеге асыру кезінде;

2) Бұйрықтарда белгіленген тәртіппен және мерзімде тіркеуші органдар жүзеге асыратын салық төлеушінің тіркеу деректерінің өзгерістерін тіркеген кезде олар өзгерген жағдайда жүзеге асырылады.

11. Салық төлеуші туралы мәліметтер өзгерген кезде бұрынғы мәліметтер Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеушіні шығарып тастағанға дейін сақталады.

12. Салық берешегі жоқ салық төлеуші - заңды тұлғаны Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарып тастау заңда белгіленген беру мерзімінен кейін бір жыл өткен соң ол корпорациялық табыс салығы туралы (жылдық жиынтық кіріс және жүргізілген шегерімдер туралы) декларацияны немесе оңайлатылған декларацияны бермеген жағдайда жүзеге асырылады.

13. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеушіні шартты түрде шығарып тастау кезінде оның тіркеу нөмірін жабу және оны шартты түрде шығарып тастау туралы белгіні салық төлеуші туралы мәліметке енгізу жүргізіледі.

14. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарылған

салық төлеуші - заңды тұлғаны (бұдан әрі - шартты түрде шығарылған заңды тұлға) қалпына келтіру Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен ол шартты түрде шығарылған себептерді жойған жағдайда жүзеге асырылады.

15. Салық төлеушіні Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарып тастау Бұйрықтардың негізінде Қазақстан Республикасының өзге де орталық атқарушы органдары берген мынадай мәліметтер алынған күннен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде Салық кодексінің 525-бабында көзделген негіздемелер бар болғанда жүзеге асырылады:

1) салық төлеуші - заңды тұлғаны, оның ішінде заңды тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен шартты түрде шығарылған заңды тұлғаны шығарып т а с т а у т у р а л ы ;

2) жеке тұлғаның қайтыс болғаны туралы немесе жеке тұлғаны қайтыс болды д е п ж а р и я л а у т у р а л ы .

Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен салық төлеушіні шығарып тастау кезінде ол туралы мәліметтер салық құпиясына қатысты салық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, шығарылған күннен бастап 5 жыл бойы сақталады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін салық төлеушілер туралы мәліметтер уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен ж о й ы л а д ы .

16. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін жүргізу бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін Салық төлеушілердің мемлекеттік тізіліміне уәкілетті мемлекеттік орган тағайындаған лауазымды тұлғаларға рұқсат беріледі.

17. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімінен қызметтік мақсаттарға пайдалану үшін ақпаратты салық құпиясына қатысты салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және жағдайларда көшіруге жол беріледі.

18. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізіліміндегі ақпараттың сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган оның электронды қорғалуына әр түрлі құралдар, оның ішінде кодтау (шифрлау) қолдануға құқылы.

4. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру

19. Салық төлеушілердің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және енгізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
салық төлеушілерінің мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін салық төлеушілер туралы мәліметтер беретін Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;
6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
7. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі;
8. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі;
9. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі;
10. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі